

"Отбасын қолдау орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына жергілікті бюджет қаражаты есебінен ынталандыру үстемақыларын белгілеу туралы

Атырау облысы Атырау қалалық мәслихатының 2026 жылғы 30 сәуірдегі № 219 шешімі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 " Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" және Атырау қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 24 сәуірдегі № 1020 "Қалалық бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемақыларын белгілеу тәртібі мен шарттарын айқындау туралы" қаулыларына сәйкес, Атырау қаласы Мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Отбасын қолдау орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына жергілікті бюджет қаражаты есебінен ынталандыру үстемақылары 7 есеге дейін бірыңғай лауазымдық жалақыдан артық емес мөлшерінде белгілесін.

2. Осы шешім қол қойылған күннен бастап күшіне енгізілсін.

Мәслихат төрағасы

А. Құлбарахов